

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

«Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»
XIX Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XIX Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»**

**PROCEEDINGS
of the XIX International Scientific Conference
for students and young scholars
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»**

**2024
Астана**

УДК 001

ББК 72

G99

«ǴYLYM JÁNE BILIM – 2024» студенттер мен жас ғалымдардың XIX Халықаралық ғылыми конференциясы = XIX Международная научная конференция студентов и молодых ученых «ǴYLYM JÁNE BILIM – 2024» = The XIX International Scientific Conference for students and young scholars «ǴYLYM JÁNE BILIM – 2024». – Астана: – 7478 б. - қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-601-7697-07-5

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001

ББК 72

G99

ISBN 978-601-7697-07-5

**©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2024**

береді: «Күшікбай батыр жиырма бір жасында дүние салған екен. Ерте күннен жортуылға аттанып, уақтың көп батырларының арасында бұғанасы қатпағандығына қарамай, талай қиын-қыстауда ақыл тауып, қажымай қайрат, ерлік көрсеткен. Осындай өнерінің арқасында ерте күннен батыр атын алған екен». Орыс тіліндегі нұсқасында былай көрінеді: «Кушикнай умер молодым, двадцати одного года от роду. С юности он искусно владел соилом и шокпаром, мечтал стать военачальником, возглавить ратных людей, ходит в боевые походы. Был он находчив, ловок, неутомим, неимоверно силен и не знал себе равных и схватках и стычках. Он не боялся ни человека, ни зверя, и оборотня, ни вбюжной ночи, ни злой приметы. Потому и прослыл батыром» [5], - деп аударылған. Шығармада лингвомәдени бірліктер қатарында танылатын шокпар, сойыл сөздері транслитерация тәсілімен аударылған. Аударма мағынаға жуық, сөйлем семантикасына лайықтап аударылған. Қазақ үшін батыр сөзінің мағынасы өте терең. Жеке ерліктерімен ерекшеленіп, сөзге түскен ер жүрек, қаһарман адамдарға берілетін қазақтың құрметті атағы [6, 71]. Солай, Күшікбайда халық арасында атағы жайылған, батылдығымен, ерлігімен көзге түскені батыр болмысы шығарама нақты көрінген. Аудармада осы мағына дәл бейнеленген. Дегенмен, батырдың басына бір нәубет төнеді. Батыр шешек ауруына шалдығады. Сондай бір күнде батырға тіс қайраған көрші ауылдың жігіттері атын, ер-тұрманын алып кетеді. Солай, Күшікбай батыр ауырғанына қарамастан, атқа қонады: «Соңғы жылдарда көздеген мақсаты қолбасылық болып, аяғында, оған да жетіп, егескен елінен кегін алып, егер қылып жүргенде шешек шығыпты. «Пәленше атыңды алып кетті» деген ағайынның жетімсіген сөзін естігенде жаны шыдамай, ауруымен алысып, жылқыдан ат алғызып, жалаңаш етіне бір шекпенді кие салып, жауының артынан қуып кетіпті». «Дошла печальная весть до Кушикная. Осерчал батыр, поднялся на ноги, не чуя боли, накинул на голое тело чекмень, халат из верблюжьей шерсти, и пустился в погоню. С пикой навывес, страшный, грозный, прискакал он в аул обидчика, когда тот весело похвалялся угнанным знатным конем и своей безнаказанностью. Нрав Кушикная знали: он готов был биться насмерть хоть и с вором, хоть со всей ватагой его родичей и слуг» [5], - деп Күшікбайдың батырлығы, қайсарлығы дәл аударылған.

Шығарманы зерттеудің негізгі аспектілерінің ішінде танымдық бағыт маңызды орын алады. Когнитивті парадигма аясында әдеби мәтін жазушының шындық туралы білімін білдіретін, оның шығармасында әлемнің жеке авторлық бейнесі, оның концептосферасы түрінде бейнеленген күрделі белгі ретінде түсініледі. Тұжырымдаманы білдіретін лексикалық-семантикалық өрістерді зерттеуде қолданылатын когнитивті талдау көркем мәтінді талдауға да қатысты, өйткені семантикалық кеңістіктің компоненттерін, сондай-ақ берілген мәтін үшін маңызды когнитивті құрылымдарды жалпылау мәтін зерттеушісіне тұжырымдамаланған мәтіндік аймақтарды сипаттауға және олар үшін негізгі ұғымдарды анықтауға мүмкіндік береді.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Нұрдәулетова Б. Когнитивтік лингвистика: Оқу құралы. Алматы, 2011, 310 б.
2. Ислам А. Лингвомәдениеттану: тіл мәдениет контексінде. – Алматы – Астана, 2004. – 244 б.
3. Тілеубердиев Б. Поэтикалық мәтінді лингвоконцептологиялық тұрғыдан талдау: Оқу құралы. Алматы: Эпиграф, 2019. – 104 б.
4. Қаратаев М. Мұхтар Әуезов (туғанына 70 жыл). Алматы: «Жазушы», 1967. – 129 б.
5. Дәуренбекова Л. Көркем мәтін және аударма: Оқу құралы. Астана: Фолиант, 2015. – 136 б.
6. Ахметов З. М.Әуезов әңгімелерінің поэтикасы. Шығармаларының елу томдық жинағы. – Алматы: Ғылым, 1997, 377 б.

ӘОЖ 81-22

ТІРКЕСІМДІЛІКТІҢ НЕГІЗГІ ЗАҢДЫЛЫҚТАРЫ

Полатова Айнура

polatova.nur@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ-дың 6М02305: «Филология» мамандығының 2-курс
магистранты

Ғылыми жетекшісі – Н.Темірғалиев

Сөздердің тіркесімділігі белгілі бір жүйе арқылы жүзеге асады. Яғни оның өзіндік заңдылықтары бар. Сөздер өзара тіркескенде әрбір сөздің семантикасы бір-бірімен байланысқа түседі. Осының негізінде синтагмалық мағына пайда болады. Демек, біріншіден, сөздердің тіркесімділігінде маңызды рөл ойнайтын байланыс – синтагматикалық қатынас. Бұл туралы жан-жақты алғаш пікір білдірген ғалымдардың бірі О.Есперсен болды. Ол бұл құбылысты бірнеше сөздердің негізінде қарастырып, аталмыш қатынастағы басты заңдылық сол сөздердің бір-біріне бағынуы екендігін айтты. Сондай-ақ, ғалым синтагматикалық қатынастардың түрлерін бөліп көрсетті. Ал орыс ғалымы Н.З.Котелова осы мәселеге арнап үлкен зерттеу еңбегін жазды. Оның ойынша синтагматикалық қатынастың негізі әр сөздің семантикасымен тікелей байланысты. Ғалым бұл тұрғыдан келгенде тіркесті мәнмәтіннен бөліп алып қарастырғанды жөн санайды. Себебі мәнмәтіндік көлемде оның тіркесетін сөздері шексіз көп болуы мүмкін. Оған дәлел ретінде бірнеше сөздердің қанша сөзбен тіркесетінін бөліп көрсетеді. Ғалымның тұжырымын былай түсіндіруге болады. Бір ғана «беру» сөзінен қол беру, жол беру, жұмыс беру, ақыл беру, т.б. тіркестер жасалады. Лексикалық синтагматиканың бұл түрін қарапайым деп атауға болады. Ал борсыған балық, тірілей көму, тік тұру, сағыныштан сарғаю, жүресінен отыру, малдас құру, мейірімсіз ажал, өткінші өмір не сәт, дүние дөңгелек, жер тегіс емес, жүрегі сыздау т.т. сөздерінің байланысындағы лексикалық синтагматиканы, шартты түрде «анық» лексикалық синтагматика деп атаған жөн деп білеміз. Шын мәнінде, борсу етке емес, балыққа қана тән сөз болса, сағыныштан немесе сары аурудан ғана адам «сарғаюы» (ауыспалы мағына) мүмкін немесе жүрек сыздайды, «сырқырамайды»; сырқырау сүйекке, буынға тән болады. Демек, лексикалық синтагматиканың бұл түріндегі сөздердің ішкі мағыналық қорында қоршаған ортаның, шындық болмыстағы заттар мен құбылыстардың бір-бірімен өзара қатынастары жатады деген сөз. Ал А.Салқынбай: «Синтагматикалық байланыс – жүйелі құбылыс. Тілдік құрылымды жүйелеп, сөздердің, морфемалардың бір-бірімен семантикалық, синтаксистік, стилистикалық байланысын, құрылымдық не тұлғалық заңдылықтар негізінде реттеп отыратын осы синтагматикалық байланыс. Синтагматикалық байланыс заңына бағынбайтын жалғанатын тілде бірде-бір мүше болмайды. Яғни тілдік бірліктер бір-бірімен байланысуы үшін, ең алдымен, олардың ішкі семантикалық құрылымы мәндес, ыңғайлас болуы шарт. Екіншіден, олардың тұлғалық жағы сингармонизм заңына лайықталып, позициялық бағыныштылықта болуы шарт. Үшіншіден, стилистикалық жағынан жатық, «сылдырлап өңкей келісім, тас бұлақтың суындай» болып, келісті келуі шарт. Бұл негізгі үш шарттылық фонетикаға, лексикологияға, семантикаға, синтаксиске, сөзжасамға да қатысты», – деп жазады [1, 226].

Екіншіден, тіркесімділікке түсетін сөздер семантикалық жағынан бір-бірін айқындап, пысықтап не толықтырып тұруы қажет. Мысалы, әдемі – көрікті – сұлу – әсем сөздері синонимдік қатарды құрайды. Дегенмен бұлардың бәрі кез келген сөзбен тіркесе салмайды: Қазақтың көрікті қызы бірден көзге түсті. Әсем қалаға бірінші рет келіп тұр. Мұндағы көрікті қыз, әсем қала, не дегенмен, әдемілікті, сұлулықты білдіреді, анықтауыштық қатынаста жұмсалған. Бірақ осындай эстетикалық түсініктегі сөздерді жігіт сөзімен тіркестіре алмаймыз. Сол секілді, дарынды, алғыр секілді адам қабілетіне қатысты сөздерді жануарлармен тіркестіру ақылға сыйымсыз. Бұл ретте сөздің семантикасы алдыңғы орынға шығады. Сөз мағынасының құрылымын анықтаудың бірден бір жолы ол – компоненттік талдау әдісі. Яғни компоненттік талдау дегеніміз – семаны бірнеше кіші семаларға бөлу. Мәселен, ата деген сөзде төрт сема бар: 1.ер жынысты адам; 2.жасы үлкен; 3. қандық туыстықты білдіреді; 4. әкенің яки ананың әкесі. Сөздің лексикалық мағынасының құрамында сол сөздерді бір топқа жинайтын, байланыстырушы, ортақ семалық компоненттері мен қатар

сол сөзді басқа сөздерден ерекшелейтін, ажыратушы мағыналық компоненттері қатар болады. Интерлингвистикалық, экстралингвистикалық, лингвистикалық пен бейнелілік сынды элементтер сөз мағынасының құрамымен тығыз байланысты. Әсіресе, синонимдік, антонимдік қатардағы сөздердің лексикалық мағынасын ашуда экстралингвистикалық элементтердің де рөлі бар. Сөйлемдегі синтагмалық қатынас сөздердің, яғни, синонимдердің лексикалық мағынаның қалыптасуына жағдай туғызады және сөйлемде қолданылу нормасын нақтылайды. Десек те синтагмалық байланыс парадигмалық байланыс секілді сөздің лексикалық мағынасына сүйенеді. Бұдан келіп синонимдердің қолданыстық реңктері айқындалады. Синонимдік қатарды құраушы синонимдердің қолданыс кезінде лексикалық мағынасынан келіп қолданыстық ерекшеліктері де айқындала бастайды.

Сөз мағынасын анықтауда компоненттік талдау жүргізу әдісі кеңінен қолданылады. Оның әдіснамалық қағидалары Д.Н.Шмелев, В.В.Богданов, В.Г.Гак, И.А.Стернин, И.В.Арнольд, Р.С.Гинзбург, А.М.Кузнецов, Л.Н.Васильев сынды ғалымдардың еңбектерінде көрсетілген. Сөздің семалық ортақ мәнін дәл осы талдау арқылы анықтауға болады. Ол үшін сөздің семантикасын кіші мағыналық бөлшектерге ажыратады. Осы себептен аталмыш талдауды «семдік талдау» атауымен де беріп жүр. Семаларды топтастыруда зерттеушілердің пікірлері әртүрлі. М.И.Гак оның архисема, дифференциалды сема, потенциалды сема деген түрлерін бөліп көрсетеді. Ал И.Кучкартаев идентификациялы, дифференциалды, қосымша деген түрлерін атайды. Ал қазақ тіл білімінің ғалымы М.Оразов архисема және дифференциалды сема түрлерін ажыратады.

Архисема - бірнеше сөзге ортақтықты білдіретін және соның негізінде сөздерді лексика-семантикалық топтарға біріктіретін жалпылаушы сема. Дифференциалды сема – бір топтағы сөздерді өзара ажыратып, жеке дара қолданылуына септігін тигізетін айырушы сема [2]. Ал енді бір еңбектерде айтылып жүрген потенциалды сема семантикаға негіз болатын бүкіл семалардың сөйлемде көріне бермеу ықтималдығымен анықталады. Шындығында, сөздің семантикасының негізі саналатын семалардың негізгі және көмекші болатындығы белгілі. Бірақ кейде көмекшінің өзі негізгінің орнын баса алатын жайттар кездеседі. Бұл туралы В.Г.Гак мынаны көрсетеді: «Жағдаятқа байланысты сөз бойындағы кез келген сема актуалданып, бірінші орынға шығуы арқылы сөйленімнің мағынасына енуі мүмкін. Мұндай жағдайда бұрыннан белгілі немесе сөйлеуші үшін маңызы жоқ семалар коммуникативтік мәнін жойып, екінші қатарға өтеді («жұтылып» сөздің семантикалық құрамынан шығып қалуы да мүмкін)» [3, 371]. Бұған ұқсас көзқарас И.В.Арнольдте де кездеседі: «Потенциалды семалардың актуалдануы сөйлеуде жүзеге асады. Егер олар тілде одан ары тұрақты қолданыла берсе, қандай да бір лингвостилистикалық нұсқада негізгі сема болуы мүмкін» [4, 11].

Семалардың ішінде біреуі басымдыққа ие болады және сол сема сөздің семантикасында маңызды рөл атқарады. Сөздің семантикалық құрылымында сема көп болған сайын сөздің тіркесімділік ауқымы да кеңейе түседі. Екі сөздің тіркесімі үшін олардың құрамында семалардың болуы жеткіліксіз, яғни екеуіне де ортақ семаның болуы маңызды. Бұл ортақ сема синтагма деп аталады. Демек, сөздің семантикасына жүргізілетін компоненттік талдау сөздердің тіркесі мүмкіндігін, олардың тіркесе алу себебін және семантикалық байланысын көрсетеді. Осы айтылғанның бәрі сөздерді дұрыс қолдануда аса маңызды рөл атқарады.

Үшіншіден, сөздердің лексикалық семантикасы өзара сай келіп қана қоймай, шындық болмыстағы құбылыстармен, заттармен өзара үйлесімділікке де ие болуы қажет. Осында таным мен қабылдау басты қызмет атқарады. Мәселен, «шұбатылған» сөзі қай сөздермен тіркесе алатындығын ойлағанда, негізгі мағыналық компонент ретінде «ұзындық» сөзін қарастырамыз. Сондықтан осы семаны таным мен шындық болмыстың өзектендіруі арқылы шұбатылған ащы шектей, шұбатылған түтін, шұбатылған көш, шұбатылған сым, шұбатылған адамдар, шұбатылған тізім, шұбатылған колонна, шұбатылған жіп секілді тіркестер пайда болады. Ғ.Хасановтың айтуынша, мағынадағы заттық, ұғымдық бұл бөліктер басты байланыс құраушы болғандықтан лексикалық синтагматиканың құралып, негізделуі лексикалық жүйеде тоқтаусыз жүре береді. Тіркесімге түскен сөздердің мағыналары қоршаған ортадағы заттар

мен құбылыстардың өзара қатынасын сай көрсетуі – лексикалық синтагматиканың іргетасы болады [5, 94]. Ал егер шындық болмыстағы заттар мен құбылыстардың өзара қатынасына сай тіркесімге түскен сөздердің мағыналары өзара үйлеспейтін болса, оны мағыналық сәйкессіздік негізінде байланысуы деуге келеді. Ғылыми түрде бұл асемантикалық байланыс деп аталады. Мыналық сәйкессіздік толық көрініс тапқан жағдайда ешқандай лексикалық синтагматика болмайды. Ғалымдар мағыналық жағынан сай келмейтін тіркестерді де лексикалық синтагматикаға жатқызады. Себебі бұнда да мағыналық үйлесімділік коннотаттық дәрежеде болса да жүзеге асады. Мағыналық сәйкессіздікке мысал ретінде көктем түсті, уызына сіміру, тізе созу, қара күн секілді тіркестерді атасақ болады. Бұндай тіркестер көркем әдебиетте, әсіресе, халық ауыз әдебиетінде жиі ұшырасады.

Төртіншіден, синтагматикалық байланыстың негізінде мағыналардың сәйкестенуімен қатар, халықтың өзіндік ділі мен танымы, материалды және мәдени өмірі жатады. Жалпы, ақын не жазушылардың барлық шығармалық жұмыстарының өн бойын ұстап тұрушы да, кемел дәрежеге жеткізуші және олардың туындыларын жұртқа танымал ететін де осы сөздердің мәндік байланыс заңдылығының дұрыс тілдік нормаға сай жүзеге асуы деп білеміз. Жаңа атау жасалу үшін санада пайда болған ұғымды таңбалаудың жүйесі халықтық таным негізінде орындалатынын, оның мағынасының уәжділігін, таңбаның тілдік құрылымы заңдылықтарына сәйкес болуын анықтау қажет. Айталық, ақ бота атауы ботаның түсінің ақ болуына негізделеді. Тұлғалық жағынан ақ бота сипатында келуі тілдік заңдылыққа негізделген. Сары бота, қызыл бота, жасыл бота деген атаулар болмайды, өйткені ондай денотат жоқ, сондықтан ондай ұғым да, таным да, атау да жоқ. Сонымен қатар, лексикалық синтагматикаға деректі мен дерексіздің, жанды мен жансыздың байланысуын да жатқызамыз. Ал негізінде, жанды не дерексіз заттарға тән әрекет не әр алуан қасиеттер дерексіз не жансызбен мағыналық байланыс құра алмайды, тіпті, ондай байланыс болғанымен тілдегі лексикалық норма бұзылуы ықтимал. Сондықтан да мұнда бұларды байланыстырушы мағыналық құрылымның ірі бөліктерінің бір-біріне жақындауы орын алады. Мысалы, кешегі оқиғаны бүкіл ауыл әңгіме қылып айтып отыр дегенде бүкіл ауыл мен айту мағыналық жағынан бүтіндік сипатқа енген. Сондай-ақ, сатып алған ауру, жалқаулық желкесінен түсер емес, аузына келгенін оттады, ұйқыны құл қылу т.б. деген мысалдарда мағыналық үйлесімділік негізінде мағынаның құрамдас бөліктерінің өзара жаңа норма тудырған байланысы жатыр. Бұнда ауру сатып алынбайды, яғни «арақ сатып алып, ішіп, ауыру» дегенді білдірсе, сол сияқты «жалқаулық желкеде отырмайды, адам емес, мал оттайды» т.б. Мәселен, ұйқыны құл қылу дегенде басты норманы жасаушы құл қылу тіркесімі, сондықтан бұл тіркесім басқаларын жасай береді.

Сонымен, лексикалық тіркесімділік – сөздің семантикасының ұғымдық және заттық, сезімдік тұрғыдан сай келіп, тіркесім құрай алу мүмкіндігі. Лексикалық тіркесімділікте кез келген тілдің семемасы өзінің узуалды және окказионалды, жіктеуші, үстемеленуші т.б. семалары арқылы басқа сөздермен мағыналық жақтан байланысқа түсіп, өзінің айналасына бірқатар лексемаларды жинақтай бастайды. Бұл үдеріс кезінде лексемалар бірнеше сөздердің қатарларын құрайды және жалпы ортақ мәндегі әр алуан көлемдегі сипатқа ие болатын жүйелік құрылым түзеді. Бір лексемадан басталған мағыналық байланыс одан әрі күрделеніп, көптеген сөздермен байланыса алады. Алайда бұндағы барлық лексемаларды бір-біріне байланыстырушы жүйелі қасиет – олардың тіркесімділігі. Бұл тіркесімділік бұзылуы үшін кез келген лексеманың архисемаларының бірі басқа қасиетті көрсетсе жеткілікті. Негізі бұндай дәрежедегі тіркесімділіктің жойылуына контекст, ондағы позициялық өзгеріс, айтылымның мақсаты аса бір күшті ықпал етпейді. Бірақ семалардың сәйкестенбеуі не тікелей байланысқа түспеуі бәрін өзгертеді, себебі мағыналық бөлшектерді қабылдау, қабылдамау макрокомпоненттерге ғана қатысты болады.

Қолданылған әдебиеттері тізімі

1. Салқынбай А.Б. Тарихи сөзжасам: семантикалық аспект: Филол. ғыл. д-ры. дис. қолж. – Алматы, 1999. – 284 б.

2. Ахметжанова З.К. Компоненттік талдау әдісі және семантикалық синтагмама туралы. [Электронды ресурс]. – 18 мамыр, 2017. – Қолданыс режимі: https://mtdi.kz/kz/tilshi_portfeli/id/308/q/2/z/3

3. Гак В.Г. К проблеме семантической синтагматики // Проблемы структурной лингвистики, 1971. Москва, 1972. – 554 с.

4. Арнольд И.В. Потенциальные и скрытые сема и их актуализация в английском художественном тексте // Иностранные языки в школе. 1979, № 5, 10-14 с.

5. Хасанов Ғ. Қазақ тілінің лексикалық синтагматикасы: Ғылыми монография. – Алматы: Үш қиян, 2009. – 488 б.

ӘОЖ 81-119

ӘЗІЛ-ОСПАҚ ДИСКУРСЫНДАҒЫ ҚАҒЫТПА ЖАНРЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІГІ

Рысмагамбетова Нургуль Аргинбаевна

aitokravan@gmail.com

Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті, Филология білім беру бағдарламасының докторанты, Ақтөбе, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі – Ж.О. Тектіғұл

Әзіл-оспақ дискурсы басқа қарым-қатынас түрлеріне қарағанда ауызша сөйлесу әрекеті ретінде де коммуникация жасаушылар туралы және олардың сипаттамалары, хабарламаны жеткізу және қабылдауы туралы қандай да бір мәлімет бере алатын әлеуметтік контекст ретінде де, күрделі коммуникативті құбылыс қатарында зерттеу жасадық. Әзіл-оспақ дискурсы күлкі қарым-қатынасының ішіндегі мәтін болып табылады.

Мұндай жағдайдың белгілері, біздің ойымызша мыналар:

- 1) қарым-қатынас жасаушыларының коммуникативті ниеттері байыпты әңгімеден қашу;
- 2) қарым -қатынастың әзілдің нәзіктігі, ара қашықтықты қысқарту және өзекті тұжырымдарды жұмсақ түрде сыни қайта мағыналау;
- 3) белгілі бір лингвомәдениетте қабылданған нақты күлкі қарым-қатынасының болуы.

Коммуникативті ниет жүзеге асу барысында бірнеше кезеңнен өтеді: қалжыңдауды қалау; жағдайдың қалыпты екеніне баға беру; қалжыңды вербальды түрде жеткізу, қабылдаушының қандай әсерде болғанына баға беру. Әзіл-оспақтың коммуникативті жүзеге асыру ынтасы лезде жүзеге асатын болғандықтан оның кезеңдерін анықтау шартты сипатқа ие. Сонымен қатар, жағдайды бағалау мен қабылдаушы әсері вербалді емес деңгейде жүзеге асады: бұл көзқарас, ымдау, ишара, дауыс тембрінің сипаттамасы.

Әзіл-оспақ үндестігі қарым-қатынас жасаушылардың бір-біріне деген достығын сипаттайтын эмоцияға толы орта болуы бір жағынан, белгілі бір құндылықтарды ауыстырумен екінші жағынан. Өз мәнінде әзіл-оспақ үндестігі-қарым-қатынас жасаушылардың әзіл-оспаққа өзара бағытталулары, барлық болып жатқан құбылыстарды күлкі жағынан мағыналау, қалжың айтуға және күлуге дайын болуы.

Әзіл-оспақ дискурсының жанрлық ерекшелігі туралы сөз қозғағанда қағытпаны оның орталық және ерекше жанры ретінде ерекшелеуге мүмкіндік туады. Қағытпа мәтіндік үштіктің (Барабанов А.Г.) көрінісін береді: өзекті мәтін, виртуалды мәтін және тестотип. Қағытпадан кейін қазіргі тарихи уақытта хабарлау ретінде айтылатын тақырыптардың дамуы ерекшеленеді, сипаттау (жиі жіктік) немесе дефиниция. Сосын қағытпаның кульминациялық кезеңі туындайды күлкілі жағдайдың немесе құбылыстың орталық нүктесі; бұл шақ белгілі бір деңгейде оқыс және парадокальді болуы керек. Қағытпадағы кульминация-бұл оның мазмұндық соңы, бірақ коммуникативтік шегі емес, себебі қағытпаны қабылдау әсері күтіледі.